

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау және қорғаныс мұқтажы үшін жер учаскелерін берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 1337 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 2-бабына, 13-бабының 3) тармақшасына және 84-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, 120-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 61, 63, 65 және 69-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының

Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды және күзетуді қамтамасыз ету мақсатында осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жер учаскелерін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатынан мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген жер учаскелерінің меншік иелері және мемлекеттік емес жер пайдаланушылар мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама алған сәттен бастап Жамбыл облысының әкімдігіне келісу рәсімдерін жүргізу үшін өтініш білдірсін.

3. Осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару осы қаулы қолданысқа енгізілгеннен кейін алты айдан кешіктірілмей өткізілсін.

4 . М ы н а :

1) осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген жер учаскелері мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі өткізілгеннен кейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатынан;

2) осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген жер учаскелері елді мекендердің жерлері және босалқы жер санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер санатына ауыстырылсын.

5. Осы қаулының 1, 2-қосымшаларында көрсетілген жер учаскелері қорғаныс мұқтажы үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне (бұдан әрі – Шекара қызметі) Жамбыл облысының аумағында Шекара қызметінің объектілерін салуға (жайғастыруға) тұрақты жер пайдалануға берілсін.

6. Шекара қызметі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

7. Жамбыл облысының әкімі және Шекара қызметі (келісім бойынша) заңнамада

белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

8. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі
С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2012 жылы 23 қазандағы
№ 1337 қаулысына
1-қосымша

Жамбыл облысының аумағында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатынан мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің экспликациясы

гектар

Р/с №	Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларының атаулары	Ж е р учаскесінің орналасқан жері	Ж е р учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жалпы алаңы	Соның ішінде				
					егістік, барлығы	оның ішінде		жайылым	Барлығы ауыл шаруашылығы алқаптары
						суарылатын	суарылмайтын		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Н. Тасхожаев шаруа қожалығы	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы	06-088-111-183	2,5	2,5	-	2,5	-	2,5
2	А. Досанов шаруа қожалығы	Жамбыл облысы	06-088-087-409	2,5	2,5	2,5	-	-	2,5

		Жамбыл ауданы							
3	А. Қалиев шаруа қожалығы	Жамбыл облысы Шу ауданы	06-096-100-002	2,5	-	-	-	2,5	2,5
4	Н. Свищев шаруа қожалығы	Жамбыл облысы Қордай ауданы	06-090-070-579	7,0	-	-	-	7,0	7,0
			Барлығы:	14,5	5,0	2,5	2,5	9,5	14,5

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 3

қ а з а н д а ғ ы

№

1 3 3 7

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Жамбыл облысының аумағында өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер санатына ауыстырылатын жер учаскелерінің экспликациясы

гектар

Р/с №	Ж е р санаттарының атаулары	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы алаңы	Соның ішінде				Жер учаскелерінің ауыстырылу максаты
				егістік	жайылым	барлық ауыл шаруашылығы алқаптары	басқа жерлер	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Айшабибі ауылдық округі	2,5	-	2,5	2,5	-	Ш е к а р а қызметінің № 2035 әскери бөлімі «Қаратау» шекара заставасын орналастыру үшін

2	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Айшабибі ауылдық округі	1,0	-	-	-	1,0	Ш е к а р а қызметінің № 2035 әскери бөлімі «Шөлдала» шекара заставасын орналастыру үшін
3	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Мерке ауданы Кеңес ауылдық округі	0,2478	-	-	-	0,2478	Ш е к а р а қызметінің № 2035 әскери бөлімі «Жауғаш батыр» шекара заставасын орналастыру үшін
4	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылдық округі	23,0	-	23,0	23,0	-	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі «Қордай» шекара заставасын орналастыру үшін
5	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Қордай ауданы Сортөбе ауылдық округі	2,5	-	2,5	2,5	-	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі «Сортөбе» шекара заставасын орналастыру үшін
6	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Қордай ауданы Степноев ауылдық округі	2,5	-	2,5	2,5	-	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі «Қасық» шекара заставасын орналастыру үшін
7	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Қордай ауданы Қаракемер ауылдық округі	2,0	-	2,0	2,0	-	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі «Қаракемер» шекара заставасын орналастыру үшін
8	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Қордай ауданы Сарыбұлақ ауылдық округі	0,6425	-	-	-	0,6425	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі «Қайнар» шекара заставасын орналастыру үшін
9	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Қордай ауданы Бетқайнар ауылдық округі	2,3905	-	-	-	2,3905	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі «Бетқайнар» шекара заставасын орналастыру үшін
10		Жамбыл облысы Қордай ауданы	1,12	-	-	-	1,12	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі «Қордай» шекара

	Е л д і мекендердің жерлері	Қордай ауылдық округі						заставасын орналастыру үшін
11	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Қордай ауданы Қарасу ауылдық округі	1,73	-	-	-	1,73	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі «Қарасу» шекара заставасын орналастыру үшін
12	Е л д і мекендердің жерлері	Жамбыл облысы Қордай ауданы Қарасай ауылдық округі	0,6244	-	-	-	0,6244	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі «Қарасай батыр» шекара заставасын орналастыру үшін
		Барлығы:	40,2552	-	32,5	32,5	7,7552	
13	Босалқы жер «Қостаған»	Жамбыл облысы Мерке ауданы Жаңатоған ауылдық округі	2,5	2,5	-	2,5	-	Ш е к а р а қызметінің № 2035 әскери бөлімі «Аспара» шекара заставасын орналастыру үшін
14	Босалқы жер «Қазақстан»	Жамбыл облысы Мерке ауданы Кеңес ауылдық округі	2,5	2,5	-	2,5	-	Ш е к а р а қызметінің № 2035 әскери бөлімі «Кеңес» шекара заставасын орналастыру үшін
15	Босалқы жер «Өтеген»	Жамбыл облысы Қордай ауданы Қарасу ауылдық округі	2,5	0	2,5	2,5	-	Ш е к а р а қызметінің № 2035 әскери бөлімі «Өтеген» шекара заставасын орналастыру үшін
16	Босалқы жер «Бурное»	Жамбыл облысы Жуалы ауданы	2,5	2,5	-	2,5	-	Ш е к а р а қызметінің № 2035 әскери бөлімі «Көксай» шекара заставасын орналастыру үшін
17	Босалқы жер «Қордай»	Жамбыл облысы Қордай ауданы	7,0	-	7,0	7,0	-	Ш е к а р а қызметінің № 2038 әскери бөлімі қосымша командалық бөлім орналастыру үшін
		Барлығы:	17,0	7,5	9,5	17,0	-	
		Жиыны:	57,2552	7,5	42,0	49,5	7,7552	

